

# "Кітаптар кеші" өтті

**Жуырда облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында "Кітаптар кеші" ұйымдастырылды.**

"Тірі парақтар" атты квестің барлық тапсырмаларын орындай отырып, күтпеген нәтижені көрді. Ал барлық ақылдыларды "Кітапты таны" интеллектуалды ойынын ойнады. Онда қатысушылар фильмдер түсіріліп, әндер жазылған сүйікті шығармаларын естеріне түсірді.

"Литературные мурашки" хоррор-шутер тапсырмалар мен мистика фанаттарына "Зомби мәтіндік шифрын" шешуге және "Франкенштейн зертханасында" болуға мүмкіндік берді.

Ең жас оқырмандарды "Домовой, Кикимора, Ши-

шига және басқалар" күтіп алды. Бірақ қорқыту үшін емес, кітапханалық ойындар: белсенділер мен білімқұмарларға арналған сынақтар мен сайыстар өткізу үшін. Балалар ертегілік балшық арқылы қиын жолдан өтіп, қызықты викториналар мен көңілді ойындарға қатыса отырып, "Ертегі құпияларын" ашуға тырысты.

Қонақтар "Boom book" библиокафесіне кіріп, кітап кейіпкерлеріне жан біткенін көріп, бестселлерлер аукционына қатысты, және музыкалық нөмірлерді тамашалай алды.

Ән айтуды сүйетін жандарды ұйымдастырушылар караокеде ән айтуға шақырды. "Жұлдызды кештің шаттығы" атты әдеби-музыкалық сандық ашылды да оның ішінен қазақстандық авторлардың өлеңдеріне жазылған әндер шырқалды. Болашақты болжағысы немесе өз мәселесін шешкісі келгендерге экстрасенс көмекке келді. Әдебия ханым кітаптар бойынша болжам жасап, тағдыр билетін суыруға көмектесіп, "Уақыт тудырған ғажайыптар" атты әдеби сикыр сеанстарын өткізді.

*Аяу Төлеубек*